

"СҚ-Фармация" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қызметінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 шілдедегі № 468 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 699 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "СҚ-Фармация" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қызметінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 шілдедегі № 468 қаулысына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде 2020 жылғы 27 шілдеде жарияланды) мынадай толықтыру енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. "СҚ-Фармация" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің үстеме бағасы сатып алу бағасының 6 % -і мөлшерінде айқындалсын."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин